

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округінің "Жыланды" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 10 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі № 12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қыркүйекте № 29452 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 559 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ұсақ малдары құтырық ауруы ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданының Құмкөл ауылдық округінің "Жыланды" қыстағының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 10 "Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округінің "Жыланды" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4117 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Тарбағатай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Құмкөл ауылдық округінің әкімі*

*М. Кенжин*